

**Шектеу іс-шараларын алып тастау және Екібастұз қаласы Екібастұз ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 30 наурыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-16-01 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қалалық Екібастұз ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 1-16-02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 шілдеде № 5569 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Екібастұз қаласының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2017 жылғы 1 маусымдағы № 2-04/115 ұсынысы негізінде, Екібастұз қаласы Екібастұз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласы Екібастұз ауылдық округі Тай ауылының аумағында ірі қара мал пастереллез ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Екібастұз қаласы Екібастұз ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 30 наурыздағы "Шектеу шараларын белгілеу туралы" № 1-16-01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5451 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 сәуірдегі "Отарқа" және "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Екібастұз қаласы Екібастұз  
ауылдық округінің әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:  
"Екібастұз қаласы әкімдігінің  
ветеринария бөлімі" мемлекеттік  
мекемесі басшысының міндетін атқарушы  
2017 жылғы "27" маусым  
КЕЛІСІЛДІ:  
"Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Екібастұз қалалық  
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысының  
міндетін атқарушы

М. Куспеков

Г.Ш. Кенжегарина

С.С. Муратбеков

2017 жылғы "27" маусым

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
министрлігі Қоғамдық денсаулықты қорғау  
комитеті Павлодар облысы қоғамдық  
денсаулықты қорғау департаментінің  
Екібастұз қалалық қоғамдық  
денсаулықты қорғау басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
2017 жылғы "27" маусым

К.К.Токатов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК